11. Отырыс кейінге қалдырылды [сөздік деректеме]
12. Түсіндірмелер [мәтін]
9-бөлім. Іс жүргізудің динамикасы туралы мәліметтер (сот шешімі)
1. Бірінші сатылы сот шешімдеріне (ұйғарымдарына) қатысты сот қаулысы [сөздік деректеме]
2. Апелляциялық сатылы сот шешімдеріне (ұйғарымдарына) қатысты сот қаулысы [сөздік деректеме]
3. Алдыңғы кассациялық қараудағы бірінші сатылы соттың шешімдеріне қатысты сот қаулысы [сөздік деректеме]
4. Бірінші, апелляциялық немесе кассациялық сатыдағы сот шешімі күшін жойды (өзгертілді) [сөздік деректеме]
5. Шағым бойынша шешім [сөздік деректеме]
6. Наразылық бойынша шешім [сөздік деректеме]
7. Талап қоюды қараусыз қалдыру негізі [мәтін]
8. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (бұдан әрі – ҚР ЖС) алдыңғы қаулысын қарау нәтижесі [мәтін]
9. Төрағаның ұсынысы бойынша шешім [сөздік деректеме]
10. ҚР ЖС кассациялық сатысының қаулысына қатысты қаулы [сөздік деректеме]
11. ҚР ЖС мамандандырылған алқасының қаулысына қатысты қаулы [сөздік деректеме]
12.Басқа қаулылар шығарылды [мәтін]
13.Бұрыштамалық бөлігі (жаңа шешім) [мәтін]

10-бөлім. Сот кассациялық сатыда шығарған жеке ұйғарымдар
1. Жеке ұйғарымды шығару күні [күні]
2. Жеке ұйғарымның мәні [мәтін]
3. Жеке ұйғарымды жолдау күні [күні]
4. Жеке ұйғарым кімге жолданды [мәтін]
5. Жеке ұйғарымға жауаптардың келіп түсу күні [күні]
6. Жауаптардың мәні [мәтін]
11-бөлім. Іс жүргізудің аяқталуы
1. Судьяның алдын ала қарау қаулысын беру күні [күні]
2. Судьяның қайта қарау жөніндегі қаулыны беру күні [күні]
3. Талап етілген істі кері қайтару күні [күні]
4.Салыстырып тексеру жасаған алқа маманы [мәтін]
5. Мұрағатқа (кеңсеге) беру күні [күні]
6. Мұрағатта салыстырып тексеру күні [күні]
7. Салыстырып ттексеру жүргізген мұрағат маманы [мәтін]
12-бөлім. Алдыңғы сатыларда қарау
1-бөлімше. Бірінші сатыда қарау
1. Бірінші сатыдағы соттың атауы [мәтін]
2. Бірінші сатыдағы соттың азаматтық ісінің № [мәтін]
3. Бірінші сатыдағы соттың іс жүргізу түрі [сөздік кдеректеме]
4. Бірінші сатыдағы судьяның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) [мәтін]
5. Істің санаты (статистикалық есеп үшін) [сөздік деректеме]
6. Істің санатына қосымша [мәтін]
7. Шешімнің (ұйғарымның) күні [күні]
8. Бірінші сатыдағы сот шешімі (ұйғарымы) [сөздік деректеме]
9. Талап қоюдың мәні [мәтін]
2-бөлімше. Апелляциялық сатыда қарау
1. Апелляциялық сатыда қаралды [сөздік деректеме]
2. Қаулының күні [күні]
3. Апелляциялық сатылы сот судьяларының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) [мәтін]
4. Бірінші сатыдағы сот шешіміне және ұйғарымына қатысты сот қаулысы [сөздік деректеме]
5. Шағым, наразылық борйынша шешім [сөздік деректеме]
6. Апелляциялық саты қаулысының бұрыштамалық бөлігі [мәтін]
3-бөлімше. Кассациялық сатыда қарау
1. Қаулының күні [күні]
2. Кассациялық сатыдағы баяндаушы-судья [мәтін]
3. Бірінші сатыдағы сот шешімін (ұйғарымын) қарау нәтижесі [мәтін]

4. Апелляциялық сатыдағы сот қаулысына (ұйғарымына) қатысты сот қаулысы [сөздік деректеме]

5. Шағым, наразылық бойынша шешім [сөздік деректеме]

6. Кассациялық саты қаулысының бұрыштамалық бөлігі [мәтін]

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2021 жылғы 22 маусымдағы
№ 92 Бұйрықтың
9-қосымшасы

Қазақстан Республикасы сот органдарының ақпараттық жүйесіне электронды ақпараттық есепке алу құжаттарын енгізу және әкімшілік істерді қарау бойынша соттардың жұмысы туралы есептерді қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы сот органдарының ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – ҚР СО АЖ) электронды ақпараттық есепке алу құжаттарын (бұдан әрі – ЭАЕҚ) енгізу және әкімшілік істерді қарау бойынша соттардың жұмысы туралы есептерді қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық ЭАЕҚ енгізудің және олардың негізінде бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыдағы соттардың және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік істерді қарауы жөніндегі есептерді қалыптастыруының негізгі ережелерін айқындайды (бұдан әрі – есептер).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. ҚР СО АЖ-ға ЭАЕҚ-ны енгізу

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) ЭАЕҚ біріңғай нысандарын әзірлеуді және енгізуді Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігімен (бұдан әрі – Сот әкімшілігі) келісе отырып жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.02.2024 № 24 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. ЭАЕҚ-ны ҚР СО АЖ-ға енгізу есепке алуды Сот әкімшілігі және оның облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – соттар кеңсесі) жүргізеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.02.2024 № 24 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Есептерді ҚР СО АЖ ЭАЕҚ-ның деректері негізінде Комитет, оның аумақтық және оларға теңестірілген органдары қалыптастырады (бұдан әрі – аумақтық органдар).

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Есептерді қалыптастыру мынадай нысандар негізінде іске асырылады:

1) "Бірінші сатыдағы сот қараған әкімшілік іске (талап қою) 1-электронды ақпараттық есепке алу құжаты" (бұдан әрі – 1-ЭАЕҚ);

2) "Апелляциялық сатыдағы сот қараған әкімшілік іске 2- электронды ақпараттық есепке алу құжаты" (бұдан әрі – 2-ЭАЕҚ);

3) "Кассациялық сатыдағы сот қараған әкімшілік іске 3-электронды ақпараттық есепке алу құжаты" (бұдан әрі – 3-ЭАЕҚ);

4) "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қараған әкімшілік іске 4-электронды ақпараттық есепке алу құжаты" (бұдан әрі – 4-ЭАЕҚ).

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. ЭАЕҚ-да сот қараған әкімшілік іс (талап қою) бойынша барлық қажетті деректемелер электрондық толтыруға жатады.

3-тарау. ҚР СО АЖ-да ЭАЕҚ-ға түзетулер енгізу

7. ҚР СО АЖ-да енгізілген ЭАЕҚ-тың деректемелерін түзету Сот әкімшілігінің, соттар кеңсесінің бастамасы бойынша, Комитеттің және оның аумақтық органдарының хаты бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Сот органы жүргізілген түзету туралы (арыздың (азаматтық істің, материалдың) нөмірін, өзгертілетін деректеменің атауын, бұрынғы және жаңа көрсеткішті көрсете отырып) мәліметтерді түзету жүргізілген күннен бастап дереу жазбаша түрде Комитетке немесе оның аумақтық органына ұсынады, солардың негізінде Комитеттің автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Комитеттің ААЖ) тексеру жүргізіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 16.09.2022 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Бірінші сатыдағы сот қараған әкімшілік іске (талап қою) 1-ЭАЕҚ енгізудің ерекшеліктері

9. 1-ЭАЕҚ-ның деректемелері ҚР ЖС АЖ-да әкімшілік істің (талап қоюдың) материалдарына сәйкес толтырылады.

10. "Талап қоюдың келіп түсуі туралы мәліметтер" 1-бөлімінде 2-ден 10, 11, 14, 15 бойынша деректемелері енгізіледі. Басқа деректемелерді істі (талап қоюды) қарау нәтижелері бойынша толтыру қажет.

"Электрондық түрде іс жүргізу" 3-деректемесінде әкімшілік іс электрондық форматта жүргізілген жағдайда "Иә" нышандық белгісі таңдалады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 14.06.2022 № 130 (бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. "Іс жүргізу түрі" 4-деректемесі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 132-135-баптарының талаптарына сәйкес талап қоюдың санатына байланысты толтырылады.

1-бөлімнің "Істің санаты (статистикалық есеп үшін)" 9-деректемесі "Бірінші сатыдағы соттардың әкімшілік істерді қарауы жөніндегі есеп" № 5 нысанының " Әкімшілік істердің қозғалысы және қарау нәтижелері" 1-бөлімі жолдарының атауларына сәйкес толтырылады.

"Әкімшілік органдардың, лауазымды адамдардың шешімдерін, әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау туралы" деген жолда еңбек, тұрғын үй, мүліктік даулар және т.б. бойынша әкімшілік органдардың, лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау туралы әкімшілік істер көрсетіледі, олардың ішінде:

салықтық немесе кедендік берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу жөніндегі салық немесе кеден органдарының әрекеттерін (әрекетсіздігін) және шешімдерін даулау туралы істер "салық органдарының әрекеттерін (әрекетсіздігін) және шешімдерін даулау туралы", "кеден органдарының әрекеттерін (әрекетсіздігін) және шешімдерін даулау туралы" деген жолдарда көрсетіледі;

әкімдердің, әкімдіктердің және оның құрылымдық бөлімшелерінің әрекеттері (әрекетсіздігі) шағымдалатын істер (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқарудың базалық құрылымын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" №608-қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқарудың базалық құрылымына сәйкес) " Әкім, әкім аппараты" және "Әкімдіктердің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдар" деген жолда көрсетіледі.

"Сайлауға, республикалық референдумға қатысатын азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздар бойынша іс жүргізу" деген жолда мемлекеттік органның, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару органының, сайлау комиссиясының, кәсіпорынның, ұйымның, олардың лауазымды адамдарының шешімімен, әрекетімен (әрекетсіздігімен) сайлау немесе сайлану, сайлауға, референдумға қатысу құқығы бұзылады деп есептейтін азамат, қоғамдық бірлестік, сайлау комиссиясының мүшесі, кандидаттар мен саяси партиялардың сенім білдірген адамдары, саяси партялардың кеңесші даусы құқығы бар өкілдерінің, саяси

партиялардың, өзге де қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық емес ұйымдардың байқаушыларының талап қоюлары бойынша әкімшілік істер (талап қоюлар) көрсетіледі (ҚР ӘРПК-нің 25-тарауы).

"Жергілікті атқарушы органдардың азаматтардың алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу құқықтарын бұзатын шешімдерін, әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау туралы арыздар бойынша іс жүргізу" деген жолда жергілікті атқарушы органның шешімімен, әрекетімен (әрекетсіздігімен) азаматтың алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу үшін іріктеу рәсіміне қатысу құқығы бұзылады деп есептейтін азаматтың әкімшілік істері (талап қоюлары) көрсетіледі (ҚР ӘРПК-нің 26-тарауы).

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. 1-бөлімнің 10-деректемесінде шетелдік тұлғалардың, кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуы туралы мәліметтер, мүгедектігі бар адамдардан, әйелдерден, кәмелетке толмағандардың мүддесіне келіп түскен талап қоюлар, инвестициялық даулар туралы мәліметтер және тағы басқалары көрсетіледі.

"Әйел адамдардың талап қоюлары бойынша" деген жолда жеке тұлға – әйелдерден, жеке кәсіпкер – әйелдерден келіп түскен талап қою арыздары көрсетіледі.

Сот актілерінде халықаралық шарттарға сілтемелер болған жағдайда, халықаралық шарт түрі таңдала отырып, 13-бөлімнің "Халықаралық шарттар қолданылып қаралды (Сот шешімі)" деректемесі толтырылады.

"Материалдар мен ұсынулар" деген жолда Нормативтік-анықтамалық ақпаратқа (бұдан әрі – НАА) сәйкес материалдар көрсетіледі: сот шешімінің орындалу тәртібі мен тәсілінің өзгеруі туралы, оның ішінде борышкерді (өндіріп алушыны) алмастыру туралы, сот шешімін, сот тапсырмасын орындауды бұру туралы, төреліктің (аралық соттың) шешімдері бойынша атқару парағын (телнұсқасын) беру туралы, берілген ақшалай соманы индекстеу туралы, атқару парағын ұсыну мерзімін қалпына келтіру туралы және өзге де материалдар, ұсынулар.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 16.09.2022 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. "Мәлімделген талаптың (талап қоюдың) мәні" 8-деректемесінде – істің (талап қоюдың) материалына сәйкес мәлімделген талаптың мәні қысқаша баяндалады.

"Әкімшілік органның, лауазымды адамның жолданымдарын қарау нәтижелерімен байланысты талап қою" 15-деректемесінде "Иә" немесе "Жоқ" нышандық мәні таңдалады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 14.06.2022 № 130 (бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. "Жауапкерге мәлімделген талаптардағы сомалар туралы мәліметтер" 2-бөлімінде іс материалына сәйкес талап қою талаптарының сомалары туралы мәліметтер көрсетіледі (теңгеде).

2-7-деректемелерде көрсетілген жалпы сома "Даулардың жалпы сомасы" 1-деректемесінде көрсетілуі тиіс.

3, 5, 6, 7-деректемелерде ҚР ӘРПК-нің 160-бабында көзделген шығындардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдар мен өсімақылардың) тиісті сомалары көрсетіледі.

15. "Сот шығындары мен мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы мәліметтер" 3-бөлімінде істің материалына сәйкес сот шығыстары туралы мәліметтер көрсетіледі (теңгеде).

Осыған байланысты "Сот шығындары мен мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы мәліметтер" 3-бөлімінің 1, 6 және 9-деректемелерінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 615-бабына сәйкес мемлекеттік баж сомалары көрсетіледі.

16. "Сот шешімі бойынша өндіріп алуға жататын сомалар туралы мәліметтер" 6-бөлімінің деректемелерінде іс материалына сәйкес сот шешімі бойынша өндіріп алуға жататын сомалар туралы мәліметтер көрсетіледі (теңгеде).

17. "Процестік мәжбүрлеу шаралары" 7-бөлімінде процестік мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдарға қатысты мәліметтер толтырылады (ескерту, сот отырысы залынан шығарып жіберу және ақшалай өндіріп алу) (ҚР ӘРПК-нің 18-тарауы).

18. 8-бөлімде әкімшілік іске қатысушылар туралы мәліметтер: жауапкер, прокурор, адвокаттың мәліметі толық көрсетіледі. Міндетті санаттағы істер бойынша прокурордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) міндетті енгізілуге жатады (Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 54-бабы (бұдан әрі – ҚР АПК)).

19. "Іс жүргізу серпіні туралы мәліметтер (танысу)" 9-бөлімде іс жүргізу серпіні туралы мәліметтер көрсетіледі.

20. 9-бөлімнің 1-16-деректемелері әкімшілік іс (талап қою) келіп түскен күннен бастап толтырылады.

Судья әкімшілік істі (талап қою) кері қайтарған жағдайларда 5, 6 міндетті деректемелері толтырылады; судья қозғалыссыз қалдырған кезде – 3-деректеме толтырылады.

21. Істердің барлық санаттары есептің жолдық көрсеткіштерінде есепке алынады.

1-ЭАЕҚ 10-бөлімінде іс жүргізуді тоқтата тұру серпіні туралы мәліметтер көрсетіледі.

1-ЭАЕҚ 3-деректемесінде іс бойынша тоқтата тұру негіздері көрсетіледі (ҚР АПК-нің 272, 273-баптары).

1-ЭАЕҚ 2-деректемесінде тоқтата тұрудан кейінгі тағайындау күні көрсетіледі (ҚР АПК-нің 276-бабы).

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. ҚР АПК-нің 189-бабының 1-бөлігіне сәйкес "Сот отырысы" 11-бөлімінде соттың аудио-бейне тіркеуді, аудио тіркеуді қолдануы туралы мәліметтер көрсетіледі.

23. 13-бөлімде іс жүргізудің серпіні туралы мәліметтер көрсетіледі (Сот шешімі).

24. 13-бөлімнің 9-деректемесінде іс бойынша шешім (ұйғарым) шығарылған күн көрсетіледі.

25. 12-деректемеде, іс материалына сәйкес, сот актісінің нәтижелік бөлігі көрсетіледі.

26. 14-бөлімде жеке ұйғарымдар бойынша іс жүргізудің серпіні туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бұл ретте, 14-бөлімнің 1-7-деректемелерінде жеке ұйғарымның шығарылған күні, ұйғарымның желісі, мекенжай, жеке ұйғарым жіберілген күні, сондай-ақ жеке ұйғарымдарға жауаптардың келіп түскен күні көрсетіледі.

Егер жеке ұйғарым прокурордың атына шығарылса, 2-деректемеде "Иә" таңбалық мәні көрсетіледі.

15-бөлімнің "Шешімді орындауға жіберу және орындалу нәтижесі туралы мәліметтер" 4-деректемесінде шығарылған сот актісінің заңды күшіне енген күні көрсетіледі.

27. 1-ЭАЕҚ-ның басқа деректемелері әкімшілік істің материалдарына сәйкес толтырылады.

5-тарау. Апелляциялық сатыдағы сот қараған әкімшілік іске 2-ЭАЕҚ енгізудің ерекшеліктері

28. 2-ЭАЕҚ-ның деректемелері ҚР СО АЖ-да әкімшілік істің материалдарына сәйкес толтырылады.

29. 2-ЭАЕҚ 1-бөлімінде 1-ден 10-ға дейінгі деректемелер толтырылуы тиіс.

1-бөлімнің 5-деректемесі сөздік деректеменің мәндеріне сәйкес толтырылады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. "Процестік мәжбүрлеу шаралары" 5-бөлімінде апелляциялық сатыдағы сот процестік мәжбүрлеу шараларын қолданған адамдарға қатысты мәліметтер толтырылады (ескерту, сот отырысы залынан шығарып жіберу және ақшалай өндіріп алу) (ҚР ӘРПК-нің 18-тарауы).

31. Егер апелляциялық шағым (өтінішхат) кері қайтарып алынса, тиісінше 7-бөлімнің 7 және 8-деректемелері белгіленеді.

7-бөлімнің 8 және 9-деректемелері егер жеке шағым (өтінішхат) кері қайтарып алсынса белгіленеді.

32. 8-бөлімнің 3-7-деректемелерінде төрағалық етуші судьяның, прокурордың, адвокаттың, сот отырысы хатшысының тегі мен аты-жөні көрсетіледі.

Егер сот отырысын сот аудио-бейне жазба құралдарын пайдаланып өткізсе, тиісінше "Аудио-бейне тіркеу" 9 және "Аудио тіркеу" 10-деректемелері белгіленеді.

33. 9-бөлімде іс жүргізу серпіні туралы мәліметтер көрсетіледі (сот қаулысы).

9-бөлімнің 1-деректемесінде қаулының шығарылған күнін көрсету қажет. Сот шешімін (ұйғарымын) қарау нәтижелері 2 және 3-деректемелерде көрсетіледі.

34. ҚР АПК-нің 427-бабына сәйкес бірінші сатыдағы сот шешімдерінің күшін жою немесе өзгерту негіздеріне материалдық құқық және процестік құқық нормаларын бұзу немесе дұрыс қолданбау көзделген. Бұл ретте, 12 -деректемеде "Сот шешімінің күшін жоюға немесе өзгертуге негіз" ҚР СО АЖ НАА мәні көрсетіледі.

ҚР АПК-нің 409-бабының 2-бөлігіне, 410-бабының 3-бөлігіне және 428-бабына сәйкес сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады. Бұл ретте, 9-бөлімнің 9-деректемесінде " Иә" таңбалық мәні көрсетіледі.

ҚР АПК-нің 279-бабы 8-тармағының талаптарына сәйкес, талап қоюшы талап қою арызын кері қайтару туралы арыз бере алады, онда қарау нәтижесі, арыз қараусыз және шешімнің күшін жоюға және өзгертуге негіздерсіз қалдырыла отырып бірінші сатыдағы сот шешімінің (ұйғарымы) күші жойылды және өзгертілді деген 11-деректеме толтыруға жатады.

5-8-деректемелерде апелляциялық (жеке) шағым және апелляциялық (жеке) өтінішхат бойынша шешімдер туралы мәліметтер көрсетіледі.

14-деректемеде апелляциялық сатыдағы сот актісінің қарар бөлігін көрсету қажет.

35. 10-бөлімде жеке ұйғарымдар бойынша іс жүргізу серпіні туралы мәліметтер көрсетіледі.

ҚР АПК-нің 430-бабына сәйкес апелляциялық сатыдағы сот ҚР АПК-нің 270-бабында белгіленген жағдайда, сонымен қатар істі қарау кезінде сот тарапынан заңдылықтың бұзылулары анықталған жағдайда жеке ұйғарым шығара алады. Бұл жағдайда, 10-бөлімнің деректемелерінде шығарылу күні, мәні, жеке ұйғарымды жіберу күні мен мекенжай көрсетіледі, сонымен қатар жеке ұйғарымға жауаптың келіп түскен күні көрсетіледі.

6-тарау. Кассациялық сатыдағы сот қараған әкімшілік іске 3-ЭАЕҚ енгізудің ерекшеліктері

36. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 169-бабының талаптарына сәйкес кассациялық шағым жасау және кассациялық сатыдағы сотта іс жүргізу тәртібі, егер осы баппен өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексімен (бұдан әрі – ҚР АПК) айқындалады.

3-ЭАЕҚ әкімшілік процеске қатысушылардың шағымдары және прокурорлардың заңды күшіне енбеген сот актілеріне өтінішхаттары бойынша, сондай-ақ Қазақстан

Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы бойынша кассациялық саты тәртібімен заңды күшіне енген сот актілеріне Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына (бұдан әрі – ҚР ЖС) келіп түскен әкімшілік іске жасалады (ҚР ӘРПК 169-бабының 3, 6-бөліктері, ҚР АПК 434-бабы 3, 4-бөліктері).

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 14.06.2022 № 130 (бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. 3-ЭАЕҚ деректемелері әкімшілік іс материалдарына сәйкес ҚР СО АЖ-да толтырылады.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. 3-ЭАЕҚ 1-бөлімі іс жүргізу түрі, түсу тәртібі, санаты жөніндегі мәліметтерді қамтиды.

"Іс жүргізу түрі", "шағымдалатын сот актілері", "келіп түсу тәртібі", "санаты" және "іс санатына толықтыру" деректемелері анықтамалықтан әкімшілік іске сәйкес келетін мәнді таңдау жолымен толтырылады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. 3-ЭАЕҚ-ның 2-бөлімінде сот ұсталымдары мен мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы мәліметтер көрсетіледі. Төлеуге жататын мемлекеттік баждың сомасы ЭАЕҚ-ның 1-деректемесінде көрсетіледі. Мемлекеттік бажды төлеуден босату үшін негіздер болған кезде 2-деректеме толтырылады.

Төленген мемлекеттік баж сомасы 3-ЭАЕҚ-ның 3-деректемесінде көрсетіледі.

Мемлекеттік бажды қайтару кезінде 3-ЭАЕҚ-ның 2-бөлімінің 7 және 8-деректемелері толтырылуға жатады.

Сот айқындаған сот ұсталымдарының сомасы туралы мәліметтер 3-ЭАЕҚ-ның 12-деректемесінде қамтылады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Сот процестік мәжбүрлеу шараларын қолданған жағдайда 3-ЭАЕҚ-ның 3-бөлімінің деректемелері толтырылуға жатады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Сот ісін жүргізу тараптары туралы ақпарат 4-бөлімде (талапкер/жауапкер) қамтылады.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Іс жүргізу динамикасы туралы мәліметтер 3-ЭАЕҚ-ның 5 және 7-бөлімдерінде көрсетіледі және әкімшілік істі қарау нәтижелері бойынша толтырылуға жатады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Шағым (наразылық) бойынша іс жүргізудің тоқтатылған күні 3-ЭАЕҚ-ның 5-бөлімінің 3-деректемесінде көрсетіледі. Қараусыз қайтарылған кезде күні мен себептері 4 және 5-деректемелерде көрсетіледі.

Кері шақыртып алынған кассациялық шағымдар, наразылықтар бойынша ақпарат 3-ЭАЕҚ-ның 6 және 7-деректемелерінде қамтылады, істі тоқтата тұрған кезде 12-деректеме толтырылады.

Қаулының күшін жою және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді қайта жаңарту туралы ұйғарымның күні 3-ЭАЕҚ-ның 13-деректемесінде көрсетіледі.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. 3-ЭАЕҚ-ның 7-бөлімінің деректемелері қабылданған шешімге байланысты әкімшілік істі қарау нәтижелері бойынша толтырылады.

Сот бірінші және апелляциялық сатыдағы соттар жол берген өрескел бұзушылықтарды анықтаған кезде 3-ЭАЕҚ-ның 14 және 15-деректемелері толтырылады. Мәтіндік ЭАЕҚ-ның 18-деректемесі міндетті толтырылуға жатады.

Прокурордың қатысуымен істі қарау кезінде 3-ЭАЕҚ-ның 19-деректемесі толтырылуы тиіс.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. 3-ЭАЕҚ-ның 8-бөлімінің 1-6-деректемелері істі қарау процесінде сот жеке ұйғарым шығарған кезде толтырылады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-1-тарау. ҚР ЖС қараған әкімшілік іске 4-ЭАЕҚ енгізу ерекшеліктері

Ескерту. Нұсқаулық 6-1-тараумен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46-1. 4-ЭАЕҚ ҚР ӘРПК 169-1-бабы тәртібінде ҚР ЖС-на келіп түскен әкімшілік іске жасалады.

46-2. 4-ЭАЕҚ-ның 1-бөлімінде шағымның, наразылықтың, өтінішхаттың (істің), ұсынымдардың келіп түскені туралы мәліметтер бар, онда мынадай деректемелер толтырылуға жатады: алқадағы іс жүргізу нөмірі, алғашқы келіп түсуі, шағымдарды

кім бергені, өтінішхат (наразылық), шағымдалатын сот актілері, сот ісін жүргізу тілі, істің санаты.

46-3. Егер шағым, өтінішхат (наразылық), ұсыныс қайтарылған жағдайда, 4-ЭАЕҚ 6 -бөлімінің 5-деректемесінде қайтару себебін көрсете отырып, 6-бөлімнің 4-деректемесі толтырылады. Шағымды, өтінішхатты (наразылықты) қараусыз қалдырған кезде 6-деректеме, алдын ала тыңдау сатысында кері шақыртып алған кезде 7, 8-деректемелер толтырылады.

46-4. Біріктірілген жағдайда біріктірілген өндірістің нөмірі және біріктіру күні көрсетіледі.

46-5. Істі талап ету кезінде ҚР ӘРПК-нің 169-бабы 6-бөлігіне, ҚР АПК-нің 438-бабына сәйкес талап ету күні (4-ЭАЕҚ-ның 6-бөлімінің 11-деректемесі), талап етілген істер бойынша еске салу күндері (4-ЭАЕҚ-ның 6-бөлімінің 12-деректемесі), істің келіп түскен күні (4-ЭАЕҚ-ның 6-бөлімінің 13-деректемесі) көрсетіледі.

46-6. Қарау нәтижелері бойынша шешім көрсетіледі (4-ЭАЕҚ-ның 6-бөлімінің 14-деректемесі). Егер іс мерзімдері бұзыла отырып немесе бұзылмай қаралса (ЭАЕҚ-ның 6 -бөлімінің 16-деректемесі), онда "Иә" немесе "Жоқ" символдық мәндерімен белгіленеді .

46-7. 4-ЭАЕҚ-ның 7-бөлімінде алқаға келіп түскен күні (ЭАЕҚ-ның 1-деректемесі), шешімді қайта қарауға негіз (ЭАЕҚ-ның 2-деректемесі) көрсетілетін іс жүргізу динамикасы (сот актілерін қайта қарау) туралы мәліметтер қамтылады.

46-8. Өтінішхат бойынша істі қайта қарау кезінде наразылық түскен (4-ЭАЕҚ-ның 3 -деректемесі), істі қараусыз қайтарған (4-ЭАЕҚ-ның 4-деректемесі), наразылық немесе жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша өтініш бойынша істі қайта қарауға (қайта қараудан бас тартуға) негіздердің болмауы туралы қаулы шығарған (4-ЭАЕҚ-ның 5-деректемесі), қаулының күшін жою және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша өтініш бойынша кассациялық іс жүргізуді қайта жаңарту туралы ұйғарымды шығарған (4-ЭАЕҚ-ның 6-деректемесі), шағымды, наразылықты немесе өтінішхатты кері қайтарып алған (4-ЭАЕҚ-ның 7-деректемесі), қараусыз қалдырған (4-ЭАЕҚ-ның 10-деректемесі) жағдайда, олардың күні көрсетіледі.

46-9. Егер қайта қарау сатысында ҚР АПК-нің 446-бабына сәйкес шағым, өтінішхат, ұсыныс немесе наразылық кері қайтарылып алынса, 4-ЭАЕҚ-ның 7 және 8-деректемелері толтырылады.

46-10. Істерді біріктіру кезінде біріктірілген іс жүргізу нөмірі көрсетіледі (4-ЭАЕҚ-ның 11-деректемесі).

46-11. 4-ЭАЕҚ-ның 9-бөлімінде сот отырысының нәтижелері туралы мәліметтер толтырылады, онда кассациялық сатыдағы соттардың сот актілерін қайта қарау нәтижелері көрсетіледі.

7-тарау. Есептерді қалыптастыру

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Есептер Комитет және оның аумақтық органдары комитеттің ААЖ-да ҚР СО АЖ-да көрсеткіштерін есептеу алгоритміне сәйкес ЭАЕҚ-тен ҚР СО АЖ деректері негізінде қалыптастырылады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.02.2024 № 24 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Есептер тоқсан сайын өсіп келе жатқан нәтижемен қалыптастырылады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.02.2024 № 24 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Комитеттің аумақтық органдары есептер бойынша статистикалық деректерді (бұдан әрі – статистикалық кесім) Астана қаласының уақыты бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 6-күні сағат 15:00-де расталады.

Комитет республика бойынша жиынтық есептерді есептік кезеңнен кейінгі айдың 8-күні Комитет төрағасына қол қою үшін ұсынылады.

Жиынтық есептерге қол қойылғаннан кейін, бірақ есептік кезеңнен кейінгі айдың 10 -күнінен кешіктірмей Сот әкімшілігіне жолданады.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және Астана бойынша жиынтық есептерге Комитеттің аумақтық органдарының бастықтары (Комитет статистикалық бөлімді бекіткеннен кейін) қол қояды, олар жергілікті жерлерде олардың сақталуын қамтамасыз етеді (Комитетке жіберілмей).

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 20.02.2024 № 24 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-тарау. "Бірінші сатыдағы соттардың әкімшілік істерді қарауы бойынша есеп" №5 нысанды есеп

50. "Бірінші сатыдағы соттардың әкімшілік істерді қарауы бойынша есеп" №5 нысанды есебі бірінші сатыдағы соттардың әкімшілік істерді қарауы жөніндегі қызметін көрсетеді және 1-ЭАЕҚ деректері негізінде қалыптастырылады.

51. 1-бөлімде әкімшілік істердің (талап қою) қозғалысы және қарау нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі.

52. 34-бағанда ҚР АПК-нің 54-бабы 2-бөлігіне, ҚР ӘРПК-нің 25 және 26-тарауларына сәйкес прокурордың қатысуымен қаралған істер ескеріледі.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. № 5 нысанды есептің 1-бөлімінің жолдарында, ҚР ӘРПК-ге сәйкес істердің мынадай: әкімшілік органдардың, лауазымды адамдардың шешімдерін, әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау туралы, сайлауға, республикалық референдумға қатысатын азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы, азаматтардың алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу құқығын бұзатын жергілікті атқарушы органның шешімін, әрекетін (әрекетсіздігін) даулау туралы, сонымен қатар сот шешімін орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы материалдар, оның ішінде борышкерді (өндіріп алушыны) алмастыру туралы, сот шешімін, сот тапсырмасын орындауды бұру туралы, төреліктің (аралық соттың) шешімдері бойынша атқару парағын (телқұжатты) беру туралы санаттары көзделген.

Бұл санаттар № 5 нысанды есептің 1-бөлімі, № 5А нысанды есептің 1, 2 және 3-бөлімдері, № 5К нысанды есептің 1, 2, 3-бөлімдері, № 5 ЖС нысанды есептің 1, 2, 3-бөлімдері үшін бірыңғай болып табылады.

Ескерту. 53-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. № 5 нысанды есептің 2-бөлімінде жауапкерлер – мемлекеттік органдар мен олардың бөлімшелері бөлігінде әкімшілік істердің (талап қоюлардың) қозғалысы мен қарау нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі.

55. № 5 нысанды есептің 3-бөлімінде мемлекеттік баж туралы мәліметтер көрсетіледі.

Мемлекеттік баждың сомасын есептік кезеңде заңды күшіне енген сот шешімдері бойынша ғана ұлттық валютада (мың теңгеде) есепке алу қажет.

56. № 5 нысанды есептің 4-бөлімінде жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау жөніндегі арыздарды қарау туралы мәліметтер көрсетіледі.

9-тарау. "Апелляциялық сатыда әкімшілік істерді қарау бойынша есеп" № 5А-нысаны" № 5А нысанды есеп

57. "Апелляциялық сатыда әкімшілік істерді қарау бойынша есеп" № 5А нысанды есепте әкімшілік істерді қарау жөніндегі апелляциялық сатыдағы соттардың жұмысы туралы мәліметтер көрсетіледі және 2-ЭАЕҚ деректері негізінде қалыптастырылады.

58. № 5А нысанды есептің 1-бөлімінде апелляциялық (жеке) шағымдар, наразылықтар бойынша қарау үшін келіп түскен істер туралы деректер көрсетіледі.

9, 10, 11-бағандарда (1, 5-бағандардан) шағым мен өтінішхат бойынша бір уақытта келіп түскен істер көрсетіледі, олар бойынша шағым немесе өтінішхат кері қайтарылған болса, тиісінше апелляциялық сатыдағы әкімшілік істің қозғалысы өтінішхат немесе шағым бойынша іске асырылады, егер шағым кері қайтарылып алынса, істі қарау өтінішхат бойынша жүреді, егер өтінішхат кері қайтарылып алынса, істі қарау шағым бойынша көрсетіледі.

59. 34-бағанда ҚР ӘРПК-нің 168-бабы 8-бөлігінің бабында белгіленгеннен артық мерзімде аяқталған істер есепке алынады.

60. № 5А нысанды есептің 2-бөлімінде апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша істерді қарау нәтижелері туралы деректер көрсетіледі.

61. Іс бір уақытта шағым және өтінішхат бойынша және өтінішхатты кері қайтарып алумен келіп түскен жағдайда, бұл бөлімде шағым бойынша істердің қаралу нәтижелері көрсетіледі. Осыған ұқсас, егер шағым кері қайтарылып алынған жағдайда – істің қаралу нәтижелері өтінішхат бойынша көрсетіледі. 5, 6 және 7-бағандарда кері қайтарып алу көрсетілмейді.

№ 5А нысанды есептің 3-бөлімі осыған ұқсас.

62. 3-бөлімде жеке шағымдар, өтінішхаттар бойынша істердің қаралу нәтижелері туралы деректер көрсетіледі.

63. № 5А нысанды есептің 4-бөлімінде жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау жөніндегі арыздарды қарау туралы мәліметтер көрсетіледі.

64. № 5А нысанды есептің 5-бөлімінде соттылықты анықтау туралы мәселені қарау жөніндегі соттардың жұмысы көрсетіледі.

10-тарау. "Кассациялық сатыда әкімшілік істерді қарау бойынша есеп" № 5К нысанды есебі

65. № 5К нысанды есеп әкімшілік істерді қарау жөніндегі кассациялық сатыдағы соттардың жұмысы туралы мәліметтерді көрсетеді және 3-ЭАЕҚ-ның деректері негізінде қалыптастырылады.

№ 5К нысанды есептің 1-бөлімінде шағымдар мен наразылықтар жөніндегі қарау үшін келіп түскен істер туралы деректер көрсетіледі, 2-бөлімде бірінші сатыда шешімдері шығарылған әкімшілік істерді қайта қарау нәтижелері туралы мәліметтер қамтылады. 3-бөлімде бірінші сатыда ұйғарымдары шығарылған әкімшілік істерді қайта қарау нәтижелері көрсетіледі.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Есептің 4-бөлімінде жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау жөніндегі өтініштерді қарау туралы мәліметтер қамтылады.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Есептің 5-бөлімінде соттылықты анықтау туралы мәселені қарау нәтижелері көрсетіледі.

Ескерту. 10-тарау 67-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11 тарау. "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік істерді қарауы жөніндегі есеп" № 5 ЖС нысанды есебі

Ескерту. Нұсқаулық 11-тараумен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 25.08.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік істерді қарауы жөніндегі есеп" №5 ЖС нысанды есебі ҚР АРПК 169-1-бабына сәйкес ҚР ЖС әкімшілік істерді қайта қарау жөніндегі жұмысы туралы мәліметтерді көрсетеді және 4-ЭАЕҚ-ның деректері негізінде қалыптастырылады. Есеп төрт бөлімнен тұрады.

69. 1-бөлімде келіп түскен, қайтарылған және кері шақыртылған өтінішхаттардың қозғалысы көрсетіледі, 2-бөлімде сот актілерін қайта қарау жөніндегі нәтижелер қамтылады және 79-бағаннан тұрады. 3-бөлімде наразылықтармен келіп түскен істерді, оның ішінде наразылықтары кері шақыртылған және қараусыз қалдырылған істерді қарау нәтижелері есепке алуға жатады (4-баған). 4-бөлімде кассациялық шағымдар мен өтінішхаттар бойынша әкімшілік істерді қарау нәтижелері көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК